

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕДЕЛ ҚҰТҚАРУ ТОБЫ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 28 ақпан N 235. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.04.27. N 482 қаулысымен.~P990482

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осылан қоса берілген Респубикалық жедел құтқару тобы туралы Ереже бекітілсін.

2. Респубикалық жедел құтқару тобын ұстай Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қорының төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған қаражаты есебінен жүзеге асырылып, бұл үшін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының арнаулы есепшоты ашылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап жыл сайын көрсетілген қор құрамында Респубикалық жедел құтқару тобын құру мен ұстаяға, арнаулы техниканы, механизмдерді, көлік құралдарын, авариялық-құтқару жабдықтарын, аспаптар мен құрал-саймандарды Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитетпен келісілген есеп-қисап негізінде сатып алу мен оларға күтім жасауға арналған қаражаттың шекті лимитін анықтасын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі бір ай мерзімде Респубикалық жедел құтқару тобының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, оларға Қазақстан Республикасының заңдары мен Үкімет шешімдерінде белгіленген жеңілдіктерді қолдану жөніндегі ұсыныстарды енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдері қызметкерлер мен шаруашылық-техникалық қызметтерді орналастыру үшін бір айлық мерзімде Респубикалық жедел құтқару тобын үй-жайлармен және алаңмен қамтамасыз ету мәселесін шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Көлік министрлігі, Ішкі істер министрлігі Респубикалық жедел құтқару тобын қажетті көлік құралдарымен, инженерлік және авариялық-құтқару техникасымен, арнаулы аспаптармен, жабдықтармен, құрал-саймандармен қамтамасыз етуге шаралар қолдансын.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Респубикалық

жедел құтқару тобын қажетті жедел байланыс түрлерімен қамтамасыз етіп, оның штаттағы қызметкерлерінің жұмыс орны мен пәтерлеріне кезектен тыс телефон орнатсын.

7. Республиканың жергілікті атқарушы органдары, министрліктер мен ведомстволар Республикалық жедел құтқару тобының міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруына жәрдемдесіп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 28 ақпандагы  
N 235 қаулысымен  
Бекітілген

Республикалық жедел құтқару тобы туралы

Ереже

ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҮ-нің  
1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

P961031\_

1. Республикалық жедел құтқару тобы (бұдан байлай - РЖҚТ) жол қатынасы қыын аудандарда, аса күрделі объектілерде құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу, табиғи зілзала, авария және апattар салдарынан зардап шеккендерге жедел көмек көрсету үшін құрылған.

2. РЖҚТ республикалық төтенше жағдайлардың алдын алу мен сондай жағдайларда іс-әрекет жасау жүйесінің күштері мен құралдарының құрамына дербес балансы, Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде валюталық және басқа есепшоттары, мөрі, фирмалық белгісі мен таңбасы бар, заңды ұйымдардың барлық құқық түрлерін пайдаланатын мамандандырылған дербес мемлекеттік ұйым болып кіреді.

РЖҚТ-ны жедел басқаруды Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеті жүзеге асырады.

РЖҚТ бастығы Қазақстан Республикасы мемлекеттік комитеті төрағасының екімімен тағайындалады.

3. РЖҚТ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік комитеті шешімдерін және осы Ережені басшылықта алады. РЖҚТ гуманизм мен қайырымдылық, заңдылық және адам өмірі мен ұлттық дәулетті сақтаудың басымдық принциптері негізінде жұмыс істейді.

4. РЖҚТ жұмысындағы жеделділікке құтқарушыларды жанжақты кәсіби даярлау, зардал шеккендерді құтқаратын арнаулы құралдармен, осы заманың байланыс және көлік құралдарымен жоғары деңгейде жабдықтау, сондай-ақ республика аумағындағы төтенше жағдайларда іс-әрекет жасауға әрдайым мейлінше әзір түру арқылы қол жеткізіледі.

5. РЖҚТ ұйымдық құрылымының принциптері - қызметкерлердің еңбектегі белсенделілігі және инициативасымен ұштасқан қатал орындаушылық тәртіпке негізделген жеке-дара басқару. Құтқару тобы топтың негізгі тактикалық бірлігі болып табылады. Қажетті байланыс және тіршілікті қамтамасыз ету құралдарымен, көлікпен, техникамен және басқа жабдықтармен толық қамтамасыз етілген топтардан тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылады.

6. РЖҚТ облыстық жедел құтқару отрядтарына әдістемелік басшылық жасайды, олардың оқу және профилактикалық қызметіне көмек көрсетеді. Облыстық жедел құтқару отрядтары өз қызметін облыстық атқарушы органдар бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

7. РЖҚТ-ның штаттары жұмыс ерекшелігі және дene тәрбиесі мен кәсіби дайындықта қойылатын талаптар ескеріле отырып тәжірибелі мамандардан іріктеліп алынады және жасақталады. Құтқарушылардың жеке құрамы мен біліктілігін РЖҚТ бастығы бекітеді.

8. Қажет болған жағдайда мұғалімдер мен мамандарды қатыстырып, сондай-ақ шарт бойынша министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың оқу базасын пайдалана отырып республикалық және облыстық жедел құтқару отрядтарына кадрлар даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға арналған кәсіби құтқарушылар курстары РЖҚТ-ның құрамына кіреді.

9. Төтенше жағдайларда жасауға жоғары деңгейде дайын тұруды қолдау үшін РЖҚТ-ның жедел байланыс және хабарландыру жүйесі болады, кезекші және болжамдау қызметтерімен, мемлекеттік комитетінің жедел кезекшілерімен тәулік бойы байланыс жасап отырады.

10. Төтенше жағдайлар кезінде құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды

жүргізу үшін РЖҚТ-ны мемлекеттік комитеті немесе оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабы шақырады.

11. РЖҚТ-ның бөлімшелерін құтқару жұмыстары жүргізілетін жерлерге жеткізуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 сәуірдегі № 315 қаулысымен бекітілген, көлік құралдарымен қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мен сондай жағдайлардағы іс-әрекет жөніндегі республикалық жүйенің күштері мен құрал-жабдығын тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

РЖҚТ-ның жедел автокөлігі төтенше жағдайлар болған жерге бара жатқан немесе құтқару топтарын аэропортқа апара жатқан жолда арнаулы мақсаттағы басқа да көлік құралдарымен қатар артықшылық құқығымен пайдаланады. Осы мақсаттарда РЖҚТ-ның жедел автокөлігінің белгіленген үлгідегі тиісті танымал, дыбыс және жарлық белгілері болады.

#### 12. РЖҚТ-ның негізгі міндеттері:

табиғи зілзала, авария және қатынауы қын аймақтардағы апат кезінде көпсалалы кәсіби мамандығы бар құтқарушылардың жедел әрі тиімді іс-әрекет жасауын керек қылатын шұғыл құтқару, іздестіру-құтқару және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу;

жойқын авариялар, апattар ошактарында және табиғи зілзала аймақтарында барлау жасау;

төтенше жағдайлар кезінде авариялық-құтқару бөлімшелерімен және құрамаларымен бірлесіп құтқару жұмыстарына қатысу;

тіршілікті сақтаудың іс-әрекеті мен тәсілдеріне халықты дайындау мен үйретуге, төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардабын азайту жөніндегі сақтандыру шараларын өзірлеп, жүзеге асыруға қатысу;

РЖҚТ бөлімшелерінің республика аумағында құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын дереу әрі тиімді жүргізуге ұдайы әзір тұруын қамтамасыз ету.

#### 13. РЖҚТ өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

отрядты білікті кадрлармен толық жасақтауды ұйымдастырады, оның жеке адам құрамын мүшкіл халге ұшырағандардың өмірін қорғау және оларға көмек көрсету жөнінде тиімді іс-әрекет жасауға, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізген кезде техника қауіпсіздігі ережелерін білуге жүйелі түрде арнайы дайындау мен үйрету ісін жүргізеді;

іздестіру және құтқару жұмыстарын жүргізу үшін құтқару топтарын осы заманғы құралдармен, арнаулы жабдықтармен және құрал-саймандармен, байланыс, хабарлау және тасымалдау құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жоспарлайды;

төтенше жағдайларда адам өмірін қорғау мәселелері бойынша халық

арасында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсінік жұмысын жүргізді;

түрлі төтенше жағдайларға қарайластырып құтқару жұмыстарының жедел жоспарларын әзірлеуді;

тиісті бақылаушы органдарға қаржы қызметі жайында есеп табыс етіледі.

14. Республикалық жедел құтқару отрядының:

қоғамдық, кооперативтік, қайырымдылық ұйымдар мен мекемелердің, шетелдік фирмалар мен азаматтардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының өтемсіз қаржы көмегін пайдалануға;

мемлекеттік, қоғамдық, кооперативтік, қайырымдылық ұйымдарымен және мекемелерімен, шетелдік фирмалармен және азаматтармен, Қазақстан Республикасының азаматтарымен төте іскерлік және шаруашылық уағдаластық қатынастар жасауға;

өзінің мүлкі мен қаржысына билік жүргізуге, өзінің экспериментальды-өндірістік базасын, құтқарушылар мен олардың отбасы мүшелеріне арналған арнаулы сақтандыру қорын құруға;

РЖҚТ-та жүктелген міндеттерді орындау мақсаты үшін оны ұстауға бөлінген қаржы шегінде отряд құрылымын қажетті бөлімшелермен және қызметтермен толықтыруды;

құтқару жұмыстарына, оқу-жаттығу жиындарына және сабактарына қатыстыру үшін РЖҚТ-да тіркелген штаттан тыс құтқарушыларды өндірістен қол үздіріп шақыртып алуда;

құтқару, іздестіру-құтқару жұмыстарына қатыстыру үшін төтенше жағдайлар аймағында жүрген құтқару құрамаларын, альпинисшілер, туриші спортшылар топтаратын тартуда;

оқу-жаттығу жиындарын, семинарларын өткізуге, Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тысқары жерлердегі құтқару құрамаларының жиындары мен съездеріне делегаттар жіберуге;

төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде аймақтардағы және Республика Үкіметінің шешімі бойынша, шет елдердегі құтқару жұмыстарына қатысуда;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттық-насихаттық, жарнама, түсінік жұмысын жүргізуға;

жедел құтқару отрядтарының құтқарушыларын үйрету жүйесін құрып, үйлестіруге;

төтенше жағдайларда пайдалануға сай келетін арнаулы техникаларды, жабдықтар мен құрал-саймандарды әзірлеу және оларды сынау, құтқару отрядтарын әлгі аспаптармен жабдықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізуғе;

төтенше жағдайларға адам өмірін қорғау мәселелері жөніндегі

тағайындалатын сарапшы комиссиялар мен топтарға қатысуға;

республикалық және облыстық жедел құтқару отрядтарының қызметі және олардың жұмысын жетілдіру мәселелері жөнінде, сондай-ақ құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына қатысқан кезде көзге түскен азаматтарды ынталандыру туралы мемлекеттік комитетке ұсыныс енгізуге;

республикадағы, шет елдердегі мемлекеттік, қоғамдық және жеке құтқару қызметтерімен, отрядтарымен және орталықтарымен байланыс орнатып, дамытуға; тәжірибе алмасу, қызметті үйлестіру, құтқару жұмыстарына қатысу мәселелері жөнінде олармен шарттар және келісімдер жасасуға құқығы бар.

### 15. РЖҚТ қызметкерлерінің:

кәсіби курстар мен мектептерде оқуға, отрядтың қаржысы есебінен оқу-жаттығу, оқу-әдістемелік жиындар мен семинарларға баруға;

жеке жаттығу үшін отрядтағы спорт және арнаулы мүкеммалмен пайдалануға ;

құтқару жұмыстарын тиімді атқаруға қажетті толық және объективті ақпарат а л у ғ а ;

РЖҚТ-ның қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

РЖҚТ-ның арнаулы нысанды киімін киіп, омырауға қадайтын белгісін, эмблемасын тағып жүргүре құқығы бар.

Жедел құтқару отрядының қызметкерлері арнаулы сақтандыру қорына түсетін қаржы есебінен министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен жасалған шарт негізінде жеке сақтандыруға ж а т а д ы .

Құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына қатысу кезінде РЖҚТ қызметкерлері арнаулы киіммен, тасымалдаумен, жеке қорғаныс құралдарымен және тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

РЖҚТ қызметкерлерінің куәлігі болады, онда мамандандырылуы, біліктілігі, құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына тікелей өзінің қатысу көрсеткіштері белгіленеді.

16. РЖҚТ қызметкерлерінің және құтқару жұмыстарына қатыстырылатын штаттан тыс құтқарушылардың енбегінің ерекшеліктеріне байланысты олардың құқығы, міндеттері, жауапкершілігі және әлеуметтік қорғалуы енгізілетін мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқылық а к т і л е р і н д е а н ы қ т а л а д ы .

17. РЖҚТ өзіне жүктелген міндеттерді төтенше жағдайлардың алдын алу жұмысына қатысатын мемлекеттік органдармен, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің әкімшіліктерімен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып шешеді.

Адам өмірін қорғаудың профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру мен

өткізу, отрядтарды төтенше жағдайларда және құтқару, іздестіру-құтқару, тасымалдау жұмыстарын жүргізу кезінде іс-әрекет жасауға дайындау жөніндегі езінің функцияларын жүзеге асыруда РЖҚТ:

іздестіру, құтқару жұмыстарын, профилактикалық және оқу-жаттығу шараларын жүргізу, жедел құтқару отрядының көлік құралдарын қажетті танымал және дабыл беру құрылғыларын орната отырып арнаулы автокөлік ретінде тіркету үшін РЖҚТ көлік құралдарының бөгетсіз өтуін ұйымдастыру мәселелері бойынша - Ішкі істер министрлігімен;

жедел құтқару отрядының мамандарын төтенше жағдайлар аймағына шұғыл түрде жеткізуді қамтамасыз ету, жол қатынасы қын аймақтарда іздестіру-құтқару жұмысын жүргізуге және құтқарушылар десантын түсіруге арналған қажетті жабдықтармен тікұшақтар мен ұшақтарды жасақтау жөнінде - Көлік министрлігімен, көлік ведомстволарымен және ұйымдарымен;

құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде жедел құтқару отрядтарының құрамында шұғыл медицина қызметкерлерінің қатысуын, зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету үшін отрядтарды медикаменттермен және басқа заттармен қамтамасыз ету, құтқарушыларды алғашқы медициналық жәрдем көрсету бағдарламасы бойынша үйретуді жүзеге асыру жөнінде - Денсаулық сақтау министрлігімен;

бақылау, туристік-альпинистік маршруттарды тіркеу, жол қатынасы қын аймақтардағы оқыс жағдайлардың профилактикасы мақсатында нұсқаушы кадрларға аттестация жүргізу мәселелері бойынша - Жастар істері жөніндегі, туризм және спорт министрлігімен өзара байланысып іс-әрекет жасайды.

18. РЖҚТ-ны ұстау, жасақтау және оның қызметін қаржыландыру:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резерв қорының қаржысы;

жергілікті бюджеттер және министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындардан, басқа да заңды ұйымдар мен жеке адамдардан түсетін қаржы;

төтенше жағдайларда адамдарды қорғау мен құтқару, оларға көмек көрсету үшін кәсіпорындардың, қоғамдық, қайырымдылық ұйымдардың, азаматтардың, оның ішінде басқа да мемлекеттердің ерікті салымдары есебінен құрылатын қоғамдық қорлар есебінен жүзеге асырылады.